



БЕКІТІЛДІ



«М.Х.Дулати атындағы
Тараз университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы - Ректордың
2025 жылғы «15» 09
№ 464 бұйрығымен

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША МАМАНЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Тіркеу № 389

ТАРАЗ 2025

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Инклюзивті білім беру бойынша бас маман Усенова С.	 /қолы/	15.09.25 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ	Әлеуметтік жұмыс басқармасымен		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жылда 1 рет		
4.ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
5.ТАРАТУ	Құрылымдық бөлім басшыларына		
6.БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы - Ректорының « 15 » 09. 2025 ж. № 464 бұйрығымен		
7.КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.Ә.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Басқарма мүшесі- Академиялық мәселелер бойынша проректор Еркінбаева Л.К.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Басқарма мүшесі – Стратегиялық дамыту және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Персоналды басқару қызметінің басшысы Есмаханов Б.М.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ұлтанбаев А.Б.	 /қолы/	15.09.25 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /қолы/	15.09.25 ж.

Бұл құжаты «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Негізгі мақсаты мен міндеттері	5
3.	Маман қызметінің негізгі функциялары	5
4.	Қызметті орындау үшін қажетті біліктілік талаптары	5
5.	Қызмет атқару шарттары	6
6.	Құзыреттері мен құқықтары	6
7.	Жауапкершілігі	6
8.	Қорытынды ереже	7
9.	Танысу парағы	8
10.	Тарату парағы	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру бойынша маманы Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке қабылданады және қызметтен босатылады.

Инклюзивті білім беру бойынша маман Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысына және инклюзивті білім беру бойынша басқарманың бас маманына тікелей бағынады.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру бойынша маманы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алуы тиіс, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 942 қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000942>.

- Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

- Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001362>

- «Университет Жарғысын», ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 18.09.2024 ж. №660 бұйрығымен бекітілген;

Директорлар кеңесімен бекітілген М.Х.Дулати атындағы Тараз университетін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы (№1 хаттама, 2024 жылғы 19 наурыз), Стратегиялық және жедел жоспарларды, ішкі тәртібі ережелерін, Университет қызметкерлерінің корпоративтік этикасы мен корпоративтік мәдениеті туралы ережені.

- ҚР «Білім туралы» Заңын; Білім туралы - "Әділет" АҚЖ
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын;
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

- ҚР Азаматтық кодексін; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексін (ары қарай - Еңбек Кодексі); <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңын; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

- «Қазақстанның 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>

- «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9900000416>

- Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын;
<https://www.akorda.kz/>

- Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларын;
<https://www.akorda.kz/>

- "Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 441 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 33025 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033025>

- Университеттің Ғылыми Кеңесінің, Ректорат шешімдерін.
<https://new.dulaty.kz/index.php/kk/biz-turaly/kenester/glymy-kenes>.

2. МАМАН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- ЖОО-да мүгедектігі бар студенттердің психологиялық жағдайын қолдау, олардың оқу және әлеуметтік адаптациясын қамтамасыз ету, психологиялық қолдау көрсету арқылы олардың толыққанды дамуына ықпал жасау;

- мүгедектігі бар студенттердің қажеттіліктерін анықтау және оларға қолдау көрсету іс-шараларын ұйымдастыру;

- оқу материалының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу бөлімдерімен бірлесіп жұмыс жасау;

- психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету, консультациялар жүргізу;

- құжаттарды рәсімдеу және әлеуметтік қолдау бойынша есептерді дайындау;

- заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау;

- қажетті материалдық және техникалық ресурстарды үйлестіру;

- мүгедектігі бар студенттердің құқықтарын қорғау және оларды дискриминациядан сақтау шараларын ұйымдастыру;

- ЖОО-ның басқа бөлімдері мен сыртқы ұйымдармен өзара байланыс орнату.

- мүгедектігі бар студенттердің психологиялық жағдайын зерттеу және бағалау;

- психологиялық тренингтер, тренингтік сабақтар, психологиялық кеңестер ұйымдастыру.

3. МАМАН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- түзету және даму жұмыстары бойынша жылдық жоспарлар жасау және орындау;

- жеке және топтық түзету сабақтарын өткізу;

- студенттердің даму динамикасын бақылау және бағалау;

- құжаттарды рәсімдеу және жүргізу;

- психологиялық диагностиканы жүргізу (психологиялық тестілеу, сұхбат алу);

- психологиялық тренингтер ұйымдастыру;

- қажет жағдайда студенттерді мамандандырылған психологиялық немесе медициналық мекемелерге бағыттау;

- психологиялық қолдау шараларының тиімділігін мониторинг жүргізу.

- оқу процесінде қатысу және бейімдеу бойынша ұсыныстар жасау;

- басқа мамандармен және әлеуметтік қызметтермен ынтымақтастық орнату.

- студенттердің өзін-өзі дамытуына ықпал ету.;

4. ҚЫЗМЕТТІ ОРЫНДАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

- Білімі: жоғары білім (әлеуметтік жұмыс, психология, педагогика, әлеуметтік қызмет немесе өзге сәйкес мамандық);

- Еңбек өтілі: әлеуметтік салада немесе білім беру ұйымдарында кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі;

- Кәсіби дағдылар: мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау, консультация, әлеуметтік қолдау көрсету әдістерін меңгерген;

- Жеке қасиеттері: жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілеті, эмпатия, коммуникативтік дағдылар, жүйелілік.

5. ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ШАРТТАРЫ

- қызмет ЖОО аумағында және кей жағдайларда сыртқы ұйымдармен байланыста жүзеге асырылады;
- қажетті психологиялық құрал-жабдықтармен және ақпараттық базалармен қамтамасыз етіледі;
- қызмет барысында арнайы компьютерлік техника мен байланыс құралдарын пайдаланады;
- қауіпсіз еңбек және санитарлық-гигиеналық талаптар сақталады.

6. ҚҰЗЫРЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Құзыреттері:

- мүгедектігі бар студенттерге қатысты құжаттар мен ақпараттарды өңдеу және сақтау;
- қолдау шараларын ұйымдастыруға, жоспарлауға және орындауға қатысу;
- басшылыққа жұмыс туралы есептер мен ұсыныстар енгізу.

Құқықтары:

- мүгедектігі бар студенттерді қолдау бойынша әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру бойынша маманы құқылы;
- университеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережеде көрсетілген мақсаттар, міндеттер және қызметтерге сәйкес өз қызметінің мазмұны мен нақты формаларын дербес анықтауға;
- университет құрылысы мен штаттық кестесін жақсарту мақсатында тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ғылыми кеңес пен ректораттың қарауына ұсыныстарды дербес әзірлеп енгізуге;
- университетті әртүрлі ұйымдарда, мекемелерде өкілдік ету: мүгедектігі бар студенттердің оқыту сапасын жақсарту бойынша конференциялар, мәжілістер, семинарлар жұмысына қатысуға;
- университетте қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті құжаттарды сұратуға;
- қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттарды алу;
- құқық қорғау органдарына, үкіметтік және қоғамдық ұйымдарға жүгіну;
- қызметі бойынша ұсыныстар мен ескертпелер жасау.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Университеттің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне қабылданған шешімдер бойынша мәліметтерді уақтылы беру.

Материалдық жауапкершілік тікелей маманға жүктелінеді, ол келесілерге арнайы жеке жауапкершілік тартады:

- қызметкерлер арасында жекеленген міндеттер мен қызметтерді оңтайлы бөлу;
- қызметкерлердің алдына қойылған тапсырмалардың орындалуына тиімді бақылау жасау;
- қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін, құжаттарды сақтау бойынша міндеттерін орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайларда, еңбек тәртібін бұзғанда, қызметтік құпияны жариялаған жағдайда жауапкершілікті тікелей кінәлі қызметкер тартады, оларға қатысты бұзушылық маңыздылығының деңгейіне және осындай бұзушылықтың салдарларына қарай әкімшілік шаралар қолданады.

Сонымен қатар, Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру бойынша маманына төмендегідей жауапкершілік жүктеледі:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы аясында және осы қызметтік нұсқауда қарастырылған өзіне қатысты қызметтік міндеттерді орындамау немесе дұрыс орындамағаны үшін;
- ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдары аясында қарастырылған өз қызметін атқару барысында жасаған құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін;

- ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасы аясында анықталған материалдық зиян келтіргені үшін.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Бұл лауазымдық нұсқаулыққа толықтырулар келесі өзгерістерге байланысты қосылады:

- университет құрылымы;
- құрылымдық бөлімшенің функциялары;
- қызметкерлердің функциялары.

Бұл лауазымдық нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Бұл нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

